

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ғажайып ертегі кейіпкерлері

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.10.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/82800/**Шымкент қаласы****№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы****Тәрбиеші:** Тажиева Гульшехра Оралхановна**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі****Тобы:** I кіші топ**Білім аумағы:** «Коммуникация», «Шығармашылық», «Таным» «Денсаулық»**Білім бөлімі:** Сенсорика, Сөйлеуді дамыту, Мүсіндеу**Өтілетін күні:** 24.05.2018ж**Тақырыбы:** Ғажайып ертегі кейіпкерлері

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту; Ойлау, қайта жаңғырып еске түсіру арқылы қиялдай білуге үйрету. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Сенсорлық қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер: Ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ағаштар, көбелектер, гүлдер, доптар, слайд.

Алдын-ала жұмыстар: Елестету, сахналау, көрсету, ойын, сұрақ- жауап, сергіту сәті, бағалау, қорыту.

Блингвалдық компоненттері: Бауырсақ-Колобок

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
------------------	------------------	-----------------

Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	<i>Тілек шеңбері: Біз балдырған баламыз, Бақшамызға барамыз. Көп қызықты білімді, Ертегіден аламыз. Балалар бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық. Балалар бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық. Аспанымыз ашық болсын! Достарымыз көп болсын! Балалар ауырмасын! Аналарымыз қасымызда болсын! Балабақшамыз гүлдене берсін! -Міне, балалар сендер тату-тәтті дос екендеріңді білдіріп, бір-біріңе жақсы тілектер айттыңдар. -Тілектерің қабыл болсын!</i>	<i>Балалар мәтін сөзін айтып іс-қимыл жасайды. Балалар қайталап айтады.</i>
---	--	--

<p>Ұйымдастыру-ізденушілік</p>	<p>-Балалар, қане бәріміз көзімізді жұмып, ертегілер еліне ойша саяхат жасаймыз. Айналамызда жап- жасыл ағаштар, жайқалған әдемі гүлдер. Құстардың сайраған үні естіледі. Әдемі көбелектер ұшып жүр. Мөп-мөлдір, тап-таза бұлақ ағып жатыр. Мұнда ғажап ертегі кейіпкерлері бір-бірімен дос болып, тату-тәтті өмір сүруде.</p> <p>-Енді балалар көздеріңді аша қойыңдар.</p> <p>-Ертегілер еліне саяхат ұнадыма?</p> <p>(музыка әуені естіледі).</p> <p>-Балалар мен қазір сендерге жумбақ жасырамын, егерде сендер шешмін дұрыс тапсаңдар ол бізге қонаққа келеді.</p> <p>Апасынан қашып кетті</p> <p>Атасынан қашып кетті</p> <p>Кездестіріп бір аңды</p> <p>Біраз жолдан асып етті</p> <p>Бұл қай кейіпкер?</p> <p>(осы кезде әуен сазымен бауырсақ кіреді.)</p> <p>Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар!</p> <p>-Мені таныдыңдар ма?</p> <p>-Міне қызық балалар. Біз жаңа ғана ертегілер елі туралы айтқан едік. Ал сонымен мына әдемі Бауырсақ қай ертегі кейіпкері екен?</p> <p>-Бауырсақ бізді Ата-әжесінің ормандағы үйіне қонаққа шақырып келіпті.</p> <p>— Орманға саяхатқа барамыз ба?</p> <p>-Балалар бізге жолда түрлі кедергілер кездесуі мүмкін біз егерде сол кедергілерден өте алсақ . Бауырсақтың ата-әжесінің үйіне жететін боламыз.</p> <p>-Олай болса жолымыз қысқарсын.</p> <p>Біз кішкентай баламыз</p> <p>Саяхатқа барамыз</p> <p>Шарлап бүкіл әлемді.</p> <p>Бәрін біліп аламыз</p> <p>Ля — ля- ля- ля—</p> <p>Т: Балалар, біз орманға да жетіп қалыппыз.</p> <p>Қараңдаршы балалар, орманда құстар сайрап, гүлдер жайнап, көбелектер ұшып жүр, өте керемет. Осы кезде орман ішінен қоян шығып келеді.</p> <p>Қоян: Сәлеметсіңдерме балалар!</p> <p>Балалар қайда бара жатырсыңдар?</p> <p>Бауырсақ , бауырсақ мен сені жеймін!</p> <p>Бауырсақ : Қоян мені жемеші мен саған баларман бірге сергіту сәтін орындап берейін..</p> <p>Қоян : Жарайды көрейік»</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Ұзын құлақ сұр қоян,</p> <p>Естіп қалып сыбдырды.</p> <p>Ойлы -қырлы жерлермен,</p> <p>Ытқып-ытқып секірді.</p> <p>Қарап еді артына ,</p> <p>Қиығын салып көзінің.</p> <p>Келе жатқан томпаңдап,</p> <p>Көжегі екен өзінің.</p> <p>Қоян Ой, жарайсыңдар балалар!</p> <p>Т: Қане балалар саяхатымызды жалғастырайық.</p> <p>-Олай болса жолымыз қысқарсын.</p> <p>Шалық сумен жүреміз шолп-шолп-шолп,</p> <p>Тастарменен жүреміз тарс-тарс-тарс.</p> <p>Жасыл шөппен жүреміз сырт-сырт-сырт,</p> <p>Жолдарменен жүреміз топ-топ-топ.</p> <p>(Шөп үстінде құлпынай жеп- жатқан аюға кезігеді.)</p> <p>Аю: Бауырсақ ,бауырсақ мен сені жеймін</p> <p>Бауырсақ: жемеші мені, мен саған қандай өлең айтып берейін!</p> <p>Аю: Бауырсақ сен маған өлең айтпай ақ-қой мен сендерге ойын ала келдім, менімен ойын ойнайсыңдарма?</p> <p>Ойын : «Бөлшек суреттерді құрастыр»</p> <p>Қасқыр: Әй, бауырсақ қайда барасыңдар?</p> <p>Т: Қасқыржан біз атай мен әжейдің үйіне қонаққа бара жатырмыз?</p> <p>Қасқыр: Бауырсақ мен сені жеп қоямын.</p> <p>Бауырсақ: Қасқыржан мені жемеші мен саған балалармен бірлесіп түрлі-түсті доптар жинап береміз.</p> <p>Қо «Допты жина»</p> <p>(Музыка әуенімен түлкі кіріп келеді.)</p> <p>Түлкі: Ой мұнда не болып жаттыр балалар мұнда неге жүр . Мұнда бауырсақта бар екенғой?</p> <p>Бауырсақ,бауырсақ мен сені жеймін.</p> <p>Бауырсақ : Түлкіжан мені жемеші, жемеші балалармен бірлесіп саған көп бауырсақ жасап береміз.</p> <p>Түлкі: бауырсақ ,распа ! Маған көптеген бауырсақ жасап бересіңдерме?</p> <p>Т: Әрине түлкіжан біз саған бауырсақ жасап береміз.</p> <p>-Олай болса балалар бәріміз бірлесіп шығармашылық алаңға барайық.</p> <p>-Міне балалар мұнда барлығымызға қамыр бөліктері берілген осы қамырларды алақан арасына салып домалақтап , тақтайша үстіне қойып , үстінен алақанмен басамыз.</p> <p>-Балалар сендер жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік шараларын есімізге түсірейік..Қамырды аузымызға салуға болмайды, қолымызды үстімізге сүртпейміз, ол үшін арнайы қол сүрткішпен сүртеміз.</p> <p>-Жарайсыңдар балалар!</p> <p>-Міне енді біздің бауырсағымыз көбейді. Атай мен әжей қуанып қалатын болды.</p> <p>Енді балалар біз бұл бауырсақтарды атай мен әжейге апарып берейік.</p> <p>Ата-әже: Рахмет балалар өркендерің өсін.</p>	<p>Балалар көздерін жұмып ойша саяхат жасайды.</p> <p>-әрине</p> <p>-балалар келіседі.</p> <p>Бауырсақ</p> <p>-балалар жауаптарының дұрыс екенін көріп қуанады.</p> <p>-Сәлеметсіз бе!</p> <p>-Әрине.</p> <p>-Бауырсақ!</p> <p>-Балалар келіседі.</p> <p>Балалар бірлесе айтады.</p> <p>Сәлеметсізбе!</p> <p>Ата мен әжейдің үйіне қонаққа бара жаттырмыз.</p> <p>Балалар сергіту сәтін орындайды.</p> <p>Балалар бірлесе айтады</p> <p>Ойынды қызығушылықпен ойнайды.</p> <p>Балалар шығармашылық алаңға барады.</p> <p>Балалар бауырсақты мүсіндейді.</p> <p>Балалар атаймен әжейге барады.</p>
---------------------------------------	---	---

Жетекші жөндеуші	<i>—Ал, балалар, бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнадыма? -Біз орманда нелерді кездестірдік? -Олармен біз не істедік? Кәне балалар тақпақ айтып қонақтар мен қоштасайық. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы, Сау –саламат болайық.</i>	<i>Әрине Аңдарды Ойын ойнадық. Балалар бірлесе айтады.</i>
-------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Балалар ертегі мазмұнын, кейіпкерлердің іс-әрекетін мағынасын түсіне біледі.

Қалыптасқан түсініктер: балалардың ойы, есте сақтау қабілеті, тіл байлығы, тіл белсенділігін, меңгереді түсінеді.

Орындаушылық қабілеті: Балалар шаттық шеңберін орындап, ертегі кейіпкерлерімен бірлесе ойынды ойнап, қойылған сұрақтарға жауап беріп, шығармашылық жұмысқа да, қызыға орындап аяқтайды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.